

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы  
ЖШС «Айболған» бөбекжай балабақшасы


«Бекітемін»

Балабақша меңгерушісі:

Естауова Б. 



# 2018-2019 оқу жылының Өндірістің хаттамалары



Қазғұрт

Қазғұрт ауданы №30150612155743168278

Қазғұрт ауданы №30150612155743168278

# Айболған бөбекжай балабақшасы

## Өндірістік кеңестің хаттамасы

№1

Қатысқандар: 10

29.08.2018 ж

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Стандарт талаптарына сай топтарды жабдықтау, балалар тізімін анықтау
3. Бала өмірі мен қауіпсіздігін қорғау, қызметкерлер өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау жөнінде нұсқау жүргізу. Ішкі еңбек тәртібі. Лауазымдық міндеттерін атқару жөнінде.

**Тыңдалды:** Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы

**Сөйледі:** **Б.Естауова** – балабақша меңгерушісі жазғы маусымға арналған жеңілдетілген сабақ кестесі бойынша оқу-тәрбие процесі жүргізілді. Тәрбиешілер ыстық күнде балаларды жалықтырып алмау үшін ойын түрінде, балалардың ынтасының, ықыласына қарай ұйымдастырды.

Сонымен қатар жазғы сауықтыру шаралары күнделікті ұйымдастырылды. Балалар таза ауада ойнап, көбірек сусындар беріліп, құм үстінде жалаң аяқ жүріп, аяқтарын салқын сумен жуып, суланған шүберек үстімен жүріп, шынығумен айналысып, күннің екінші жартысында шомылу жоғарыдан төмен қарай су құюмен шынықты. Әрбір шынығу, дене жаттығулары, серуен, медбикенің қадағалауында, бақылауымен өтті. Сонымен қатар іш аурудың алдын алу жұмыстары жүргізілді. Қайнатылған су беру, тазалық та бақылауда болды. Ата-аналарға кеңестер берілді. Жөндеу жұмыстарына тоқталсам, қажетті жерлерге жасалды. Балаларға зияны тимеу үшін сенбі, жексенбі күндері топтарды кезекпен жасап отырдық, дәліздер мен әкімшілік бөлмелерінде ақталып, сырлап өттік. Жаңа оқу жылына ғимаратымыз дайын. Жылу жүйесі де тексеріліп, қазандықтар дайын.

**Тыңдалды:** Стандарт талаптарына сай топтарды жабдықтау, балалар тізімін анықтау

**Сөйледі:** **М.Нурлыбекова** – балабақша әдіскері мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйым қызметкерлері мемлекеттік стандарт талаптарының орындалуына жауапты екенімізді білеміз, орындауға міндеттіміз. Стандарт талаптары бізден нені талап етеді?

- Балаларды даму кезеңдеріне байланысты топтарға жас ерекшелігіне сай болу.
- Пәндік дамытушы ортасы мазмұнды болу.
- Педагогикалық үдеріс жаңашыл болуын қамтамасыз етуі

- Базалық оқу жоспарына сүйену
- Оқу жүктемесіндегі бес сала бойынша құзыреттіліктерін дамыту.
- Педагогикалық үдерістегі талаптарды орындау

Демек, жаңа оқу жылында оқу-тәрбие ісін ұйымдастыру үшін, талаптарға сай жабдықталуымыз қажет. Балабақшаның материалдық техникалық базасы мықты. Балаларға ойнау, ұйықтау, спортпен шұғылдану, ән айтып, би билеу, тамақтану, бөлмелері бар, жағдай жасалған. Дамытушы орталар толықтыруларды қажет етеді. Балалар тізімін анықтап қажетті жерге тізімі іліну керек.

**Тыңдалды:** Бала өмірі мен қауіпсіздігін қорғау, қызметкерлер өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау жөнінде нұсқау жүргізу. Ішкі еңбек тәртібі. Лауазымдық міндеттерін атқару жөнінде.

**Сөйледі:**– М.Нурлыбекова балабақша меңгерушісі әрбір қызметкер бала өмірі және өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау нұсқаулығымен, өз міндеттерімен таныстырылған. Әрбір оқу жылының басында, ғимаратта жылу жүйесі іске қосылатын қысқы маусымда, көктемгі көгалдандыру кезінде кеңес нұсқаулармен қайта таныстырылып қол қоясыздар. Және де сол ережені сақтап, жауапкершілікпен карауға, міндеттеріңізді дұрыс атқаруды тапсырамын деді.

### Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қадағалансын
2. Балалар тізімі анықталып, топтарды безендіру толықтырылсын.
3. Жауапты: Әдіскер, тәрбиешілер
4. Әрбір қызметкер бала өмірі мен өз өмірінің қауіпсіздік ережесін сақтасын, лауазымдық міндеттерін жауапкершілікпен атқарсын. Жауапты: меңгеруші барлық қызметкерлер.

Төрайымы:  Б.Естауова

Хатшы: 

М.Нурлыбекова

## Айболған бөбекжай балабақшасы

### Өндірістік кеңестің №2 хаттамасы

Қатысқандар: 9

06.12.2018 ж

#### Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
2. Жылу мәселесі
3. Жаңа жыл мерекесінде қауіпсіздік ережесіне сақтау
4. Қысқы маусымдағы қар, мұздан балаларды сақтау.

**Тыңдалды:** Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде  
**Сөйледі:** Б.Естауова балабақша меңгерушісі топтарда бала саны анықталып, топталды. Жас ерекшелігіне сай ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесі бекітілген, оқу тәрбие ісі жүргізілуде. Стандарт талаптыран сай жабдықталған. Әр топта қажетті ата-аналар, табиғат, еңбек, денсаулық, кітап, кезекші бұрыштары безендірілген, оқу ісіне қажетті көрнекіліктер, суреттер, альбомдар, үлестірмелі, дидактикалық материалдар жинақталған. Ашық ұйымдастырылған оқу іс-қызметтері, тіл мерекесі, күз мерекесі аталып өткізілді. Әрбір қызметкер балалар өмірінің қауіпсіздігін ескере отырып, іс-шараларға ұйымдастыруда. Үнемі бала өміріне жауапты екенімізді естен шығармайық деді.

**Тыңдалды:** Жылу мәселесі

**Сөйледі:** С.Сулейменова – балабақша медбикесі күннің суытуына байланысты жылу жұмыстары іске қосылды. Қазандықтар жақсы жұмыс істеп тұр. Жылу жүйесі үнемі қадағалануда. Бөлме жылулық температурасы 20<sup>0</sup> да сақталуда. Терезелер мен еденнің ақаулары жөнделді. Жылу жүйесі бір калыпты жұмыс істеуде. Балалардың қауіпсіздігі ескерілген.

**Тыңдалды:** Жаңа жыл мерекесінде қауіпсіздік ережесіне сақтау

**Сөйледі:** Б.Естауова жаңа жылдық мерекеге арналған "Жасыл шырша жанында" атты мерекесін тойлауға әзірленудеміз. Безендіру мен өткізу жұмыстары жоспарлануда. Мереке қызықты өту үшін әрине әдемі түрлі түсті ойыншықтар, шырақтар, отшашулар мен музыкалық тосын сәттер ұйымдастыруда қауіпсіздік ережесін сақтап, абай

болуларыңызды тапсырамын. Ата-аналармен түсіндіру жұмыстары жүргізілсін, ережені қатаң сақтаңыздар. Бір сәттілік от шашу, үлкен

қайғы әкелмеуіне кім кепіл, оған жол бермей, алдын алу жұмыстары жүргізілсін деп сөзін аяқтады.

**Тындалды:** Қысқы маусымдағы қар, мұздан балаларды сақтау.

**Сөйледі: Б.Естауова** сонымен бірге қысқы ауа райы, ақ қар, көк мұздан сақтану жұмыстары жүргізілсін. Бақшаға кіру жолдары, баспалдақтың қар, мұзын ерте келіп тазалау қажет. Таңертең ата-аналар балаларымен бірге тайып жығылмау үшін, кілемшелер төселіп, сақтандыру жұмыстарын жүргізуді тапсырамын. Шатырлардың мұздарын балалар көп жүретін жерлерін түсіріп, қағу керек. Басына түсіп жарақат алып қалмасын. Аула сыпырушы мен жұмысшы қызметкерлер жұмыстарын дұрыс атқаруды тапсырамын. Қадағалауға мебдике С.Сулейменова

### **Шешім:**

1. Бөлмелер жылулығы  $20^{\circ}$  температурада сақталсын.
2. Жауапты: С.Сулейменова
3. "Кел жаңа жыл ортаға" мерекесінде қауіпсіздік ережесі сақталсын.
4. Жауапты: Тәрбиешілер. Мед бике
5. Аула қар, мұздан күнделікті тазалансын. Жауапты: мед бике, аула сыпырушы.

Төрайымы:  Б.Естауова

Хатшы:  М.Нурлыбекова



ЖШС «Айболған» бөбекжай балабақшасындағы өндірістік кеңестің

хаттамасы №3

Қазығұрт е.м

15.03.2019ж

Қатысқаны: 10

Қатыспағаны: 0

**Күн тәртібінде:**

1. Топтардағы санитарлық – эпидемиологиялық орындалуы
2. Балабақшаның материалды-техникалық жабдыкталу қорытындысы
3. Қызметкерлердің кезекті еңбек демалысының кестесін бекіту

Бірінші мәселе бойынша медбике сөз алды : топтардағы санитарлық – эпидемиологиялық нормалар туралы топтардың тәрбиешілерімен көмекшілеріне нұсқаулықтар берілді және түсіндірілді. Бөлмелерді желдету, кварцтау кестелері ілінді. Қысқы от жағу мезгілінде бөлме температурасын қалыпты ұстау өз бақылауыма алдым. Тұмау мен суық тиюдің алдын алу шаралары жасалды.

Екінші мәселе бойынша балабақшаның шаруашылық меңгерушісі есеп берді.

Балалардың тамақтанатын ыдыстарын ауыстырылды, асхана техникалары жанартылды, жаңа оқу құралдары сатып алынды. Балаларға жаңа төсектермен ойыншықтар, төсек жабдықтары алынды.

Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Естауова Б. Есеп берді: ҚР Еңбек кодексінің 92-бабына сәйкес жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы жұмыс орны (лауазымы) мен орташа жалақысы сақтала отырып, белгілі бір күнтізбелік күндер санына беріледі. Ережеге сәйкес бес күндік, сондай-ақ алты күндік жұмыс аптасында орташа айлық жалақыны есептеу белгіленген қосымша ақылар мен үстемеақылар, сыйақылар және еңбекақы төлеу жүйесінде көзделген тұрақты сипаттағы басқа да ынталандыру

төлемдері ескеріле отырып, тиісті кезеңдегі орташа күндік жалақының есебінен нақты жұмыс істелген уақыт үшін жүргізіледі.

Сонымен «Айболған» балабақшасының қызметкерлерінің кезекті еңбек демалысы жоспары бекітілді, жұмыс істеген уақыты 11 айдан асқан жұмысшылардың барлығы өз кесте бойынша демалысқа шыға алады.

«Айболған» балабақшасының

15 наурыз 2019 жылғы өндірістік жиналысының шешімі:

1. Санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес жоспарды орындау. Балалардың денсаулығын нығайту шараларын қолға алу;
2. Мүліктер тізімін жасап, балалардың жаңа төсектерімен, жабдықтарына белгі жасау;
3. Белгіленген кесте бойынша қызметкерлерді кезекті еңбек демалысына жіберу

Төрайым:



Естауова Б

Хатшы:



Алиева Қ

ЖШС «Айболған» бөбекжай балабақшасындағы өндірістік кеңестің

хаттамасы №4

Қазығұрт е.м

30.05.2019ж

Қатысқаны: 9

Қатыспағаны: 1

Күн тәртібінде:

1. 2018-2019 оқу жылының қорытындысы
2. 2019 жыл, жазғы жұмыстар
3. Жазғы демалыс кезіндегі балалардың қауіпсіздік шаралары

Бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері есеп берді: Осы оқу жылында жоспарға сәйкес барлық іс шаралар өткізілді. Тәрбиешілер әртүрлі семинарларға қатысып өз біліктіліктерін көтеру үшін жан-жақты ізденісте. Топтардағы бала саны біршама толықты. Жалпы жылдық жоспарды түгелімен орындадық деуге болады. Балабақша түлектерімен қоштасу кешін өткізіп, мектепке шығарып салдық. Ендігі міндет сол кеткен балалардың орнын толтыру.

Жазғы сауықтыру шараларының жоспары жасалды. Ең алдымен ата-аналарға жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік шаралары ескертіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Балалардың денсаулығын нығайту үшін су процедуралары, құммен ойнау, түрлі спорттық шаралар өткізу жоспарланып отыр. Сонымен қатар «1- маусым балаларды қорғау» күніне орай денсаулық күнін өткізбекшіміз.

Үшінші мәселе: Жазғы демалыс кезінде балалар қауіпсіздігі туралы ата-аналар үшін жадынама берілді. Балалардың демалып және сау болуы үшін, ата-аналармен, туысқандарымен, достарымен демалысты ұйымдастыру кезінде бірқатар ережелер мен талаптарды есте сақтау керек. Балалар бойына жеке қауіпсіздігін сақтау дағдыларын қалыптастырыңыздар; балалармен жеке әңгіме жүргізіңіздер; маңызды ережелерді түсіндіріңіздер; оларды

ұстану өмірлерін сақтауы мүмкін; баланың бос уақыты мәселесін шешіңіз. Есте сақтаңыз! 1. Өз балаңыздың қайда, кіммен жүргені туралы үнемі біліп отырыңыз, барған орнын бақылаңыз; бөгде адамдармен сөйлесуге тыйым салыңыз. Балаңызға егер біреу оған қиянат жасағысы келсе, әрқашан кімге

болса да «жөк» деп айтуға толық құқығы бар екенін түсіндіріңіз; қандай жағдай болмасын танымайтын адамдардың көлігіне отыруға болмайтынын түсіндіріңіз; 2. Судағы жүзу мен ойындар рақаттанғаннан басқа баланын өмірі мен денсаулығына қауіп туғызады. Балаңыз суда болған уақытта одан көз алмаңыз, басқа нәрсеге алданбаңыз- сол сәттегі минут қайғылы жағдайға ұшыратуы мүмкін, балаларға жалғыз суда шомылуға, сонымен қоса білмейтін жерде сүңгуге болмайтынын міндетті түрде түсіндіріңіз, балаларға қарап отырған ересек адамның өзі де жүзуді, алғашық көмек көрсетуді білуі тиіс, қолдан дем алдыру мен тікелей емес жүрек уқалауын жасауды жүргізуді білуі тиіс. 3. Жол-көлік уақиғасының құрбаны немесе себепші болмауы үшін, балаларға жол жүру ережелерін үйрету қажет, жолда және қоғамдық көлікте мұқият болуды үйретіңіз; балалармен ойын және спорт алаңында, жорыққа шыққанда абайлаңыз және қауіпсіздік талаптарын сақтаңыз; 4. Отпен мұқият болыңыздар. Отпен мұқият болмағандықтан өрт жағдайларының кең тараған уақиғаларына балалардың назарын аударыңыз; баланың отпен сотқарлығы; сөндірілмеген көмірлер; сөндірілмеген темекі қалдықтары, сіріңкелер; саяжай мен орман жиегіндегі жер иелерінің қоқысты жағулары; шөптерді өртеу; қысқа мерзімге тұйықталу; электротехникалық құрылғыларды, тұрмыстық құралдарды, пештерді пайдалану. 5. Балалар табиғаттан бейқам және сенгіш екенін есте сақтаңыз. Балаларда алаңғасарлық болатына назар аударыңыз. Сондықтан, өзін ұстаудың оңай ережелерін балалардың есіне жиі салуыңыз, олардың есте сақтап және оны қолдануына мүмкіндік береді. Сіз оны үнемі естеріне салып отыруға міндеттісіз.

«Айболған» балабақшасының

30 мамыр 2019 жылғы өндірістік жиналысының шешімі:

1. Жылдық жоспарды орындауды жақсарту, әр түрлі байқауларға қатысу;
2. Сауықтыру шаралары кезінде балалардың денсаулығына мұқият қарау;
3. Ата-аналармен балалардың қауіпсіздігі туралы жиі хабарласып, ескертіп тұру.

Төрайым:



Естауова Б

Хатшы:



Нурлыбекова М